№ ДВГА-1-05/4129-И от 19.09.2022

QAZAQSTAN RESPÝBLIKASY QARJY MINISTRLIGI ISHKI MEMLEKETTIK AÝDIT KOMITETINIŃ ŃUR-SULTAN QALASY BOIYNSHA ISHKI MEMLEKETTIK AÝDIT DEPARTAMENTI

ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО ГОРОДУ НУР-СУЛТАН КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Ńur-Sultan qalasy, Aýezov k-si, 14-ýi,
тел.: 7 (7172) 323112, факс:
e-mail:

010000, город Нур-Султан, ул. Ауэзова, дом 14,
тел.: 7 (7172) 323112, факс:
e-mail:

«Сапақ» Өндірістік коорпоративі

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Нұр-сұлтан қаласы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті (*бұдан әрі* – Департамент), Сіздің 31.08.2022 ж. №153581 және 01.09.2022 ж. №153720 өтініштеріңіздің негізінде, «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі (*бұдан әрі* - ұйымдастырушы) ұйымдастырған №8040794-1 «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Қарағанды облысы Төтенше жағдайлар департаментінің Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі (Қарағанды қаласы)» ММ үшін ашық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу» №52845882-ОК1, №52853259-ОК1 «Тұрғын емес ғимараттарды / құрылыстарды салу бойынша жұмыстар» лоттарынан тұратын ашық конкурсына қатысты келесіні хабарлайды.

Тапсырыс беруші – «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Қарағанды облысы төтенше жағдайлар департаментінің өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі (Қарағанды қаласы)» ММ (*бұдан әрі*-Тапсырыс беруші).

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» № 648 бұйрығының (*бұдан әрі*-Қағиды) 246-252 тармағына сәйкес, егер әлеуетті өнім берушінің бас мердігер (жобалаушы) ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша бір пайыз (1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер (қосалқы жобалаушы) ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі

болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс нысанасы болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша нөл бүтін оннан бес пайыз (0,5 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер бір жылдың ішінде әлеуетті өнім беруші конкурста сатып алынатын, оның ішінде біреуден артық құрылыс объектісінде осындай (ұқсас) жұмыс түрлері бойынша жұмыстарды орындаған жағдайда, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан екі пайыз (0,2 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер бұл жұмыстарды әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігер (қосалқы жобалаушы) ретінде орындаса, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан бір пайыз (0,1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Құрылыс объектісі деп бір азаматтық-құқықтық шарт шеңберінде орындалған, нысанасы өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасына сәйкес келетін жұмыстар түсініледі.

Егер конкурстың нысанасы құрылыспен байланысты емес жұмыстар болып табылған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстардың түрлеріне ұқсас (сондай) келесі орындалған әрбір жұмыс үшін нөл бүтін оннан екі (0,2 %) пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Жұмыстар деп бір азаматтық-құқықтық шарт шеңберінде орындалған, нысанасы өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасына сәйкес келетін жұмыстар түсініледі.

Егер конкурс (лот) тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға бөлінген сома тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі жүз мың еселенген мөлшерінен аспайтын болса, осы өлшемнің конкурсқа қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсері бес пайыздан аспайды.

Егер конкурс (лот) тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға бөлінген сома тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі жүз мың еселенген мөлшерінен асып кеткен жағдайда, осы өлшемнің конкурсқа қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсері он пайыздан аспайды.

Қағиданың 253 тармағына сәйкес, егер конкурстың нысанасы жаңа объектілерді салу, сондай-ақ қолда бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру, жаңғырту, реконструкциялау, реставрациялау және күрделі жөндеу болып табылған жағдайда, "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 20-бабына сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау және объектілерді пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері (бұдан әрі – орындалған жұмыстарды қабылдау және объектілерді пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері) жұмыс тәжірибесін растайтын құжат болып табылады.

Сонымен қатар, қағиданың 265,266 тармақтарына сәйкес, Құрылыс саласындағы жұмыс тәжірибесі Қазақстан Республикасының сәулет, қала

құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес айқындалған құрылыс объектілерінің функционалдық мақсаты мен салалық тиесілілігіне (құрылыс түрлері бойынша бұрын орындалған жұмыстардың ұқсастығы немесе ұқсас болуы) және олардың техникалық күрделілігіне қарай есептеледі.

Әлеуетті өнім берушінің құрылыс (құрылыс-монтаждау жұмыстары және жобалау) саласындағы жұмыс тәжірибесін есептеу кезінде жиынтығында мыналар есепке алынады:

1) ғимараттар мен құрылыстардың жауапкершілік деңгейі (біріншісі – жоғары, екіншісі – қалыпты, үшіншісі – төмен).

Егер конкурстың нысанасы бірінші (жоғары) жауапкершілік деңгейіндегі ғимараттар мен құрылыстар болып табылса, тек бірінші (жоғары) жауапкершілік деңгейіндегі ғимараттар мен құрылыстардың жұмыс тәжірибесі ескеріледі.

Егер конкурстың нысанасы екінші (қалыпты) жауапкершілік деңгейіндегі ғимараттар мен құрылыстар болып табылса, бірінші (жоғары) және екінші (қалыпты) жауапкершілік деңгейіндегі ғимараттар мен құрылыстардың жұмыс тәжірибесі ескеріледі.

Егер конкурстың нысанасы үшінші (төменгі) жауапкершілік деңгейіндегі ғимараттар мен құрылыстар болып табылса, бірінші (жоғары), екінші (қалыпты) және үшінші (төменгі) жауапкершілік деңгейіндегі ғимараттар мен құрылыстардың жұмыс тәжірибесі ескеріледі;

2) объектілердің техникалық күрделілігі (техникалық жағынан күрделі объектілерге жататын ғимараттар мен құрылыстар және техникалық жағынан күрделі объектілерге жатпайтын ғимараттар мен құрылыстар).

Егер конкурстың нысанасы техникалық күрделі объектілер (кешендер) болып табылса, тек техникалық күрделі объектілердің (кешендердің) жұмыс тәжірибесі ескеріледі.

Егер конкурстың нысанасы техникалық жағынан күрделі объектілерге (кешендерге) жатпайтын ғимараттар мен құрылыстар болып табылса, техникалық жағынан күрделі объектілерге (кешендерге) жатпайтын ғимараттар мен құрылыстардың жұмыс тәжірибесі ескеріледі.);

3) функционалдық мақсаты (өнеркәсіптік объектілер, өндірістік ғимараттар, құрылыстар, тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілер, өзге де құрылыстар);

4) бұрын орындалған жұмыстардың ұқсастығы немесе ұқсас болуы тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілердегі жұмыстарды қоспағанда, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Заң) Бірінші санаттағы рұқсаттар (лицензиялар) тізбесінің 5 және 6-бөлімдерінде көзделген лицензияланатын қызмет түрінің тиісті кіші түрінің бір тармақшасында болған жағдайда ескеріледі.

Қағиданың 271 тармағына сәйкес, мерзімі бір жылдан асатын шарттар бойынша жұмыс тәжірибесін есептеу кезінде объектіні пайдалануға қабылдау актісінің күніне сәйкес құрылыстың аяқталған жылы танылады.

Сондай-ак қағидаеың 87 тармағына сәйкес, электрондық депозитарийді осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес веб-портал арқылы әлеуетті өнім берушілер енгізетін жұмыс тәжірибесін растайтын мәліметтер мен құжаттар негізінде уәкілетті органның ведомствосы және оның аумақтық бөлімшелері қалыптастырады.

Қағиданың 90 тармағына сәйкес, әлеуетті өнім берушінің соңғы он жылдағы, оның ішінде ағымдағы жылдағы жұмыс тәжірибесін растайтын мәліметтер мен құжаттардың дұрыстығын растау мақсатында мұндай әлеуетті өнім беруші осы Қағидаларда айқындалған тәртіппен тиісті мемлекеттік органдарға, сондай-ақ лауазымды және өзге де жеке және заңды тұлғаларға жүгінеді.

Қағиданың 95 және 97 тармақтарына сәйкес, Уәкілетті органның ведомствосы және оның аумақтық бөлімшелері толтырылған мәліметтердің растайтын құжаттарға сәйкестігін ескере отырып, әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін қарайды.

Веб-портал арқылы электрондық депозитарийге енгізілетін, оның жұмыс тәжірибесін растайтын мәліметтер мен құжаттардың дұрыстығын растау туралы әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін қарау нәтижелері бойынша әлеуетті өнім берушінің әрбір жұмыс тәжірибесі бөлінісінде мынадай шешімдердің бірі қабылданады:

1) мәліметтер мен құжаттар осы Қағидалардың 91 – 93-тармақтарында көзделген талаптарға сәйкес келген жағдайларда қабылданатын растау туралы;

2) растаудан бас тарту туралы, ол мынадай жағдайларда қабылданады:

жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар бойынша әлеуетті өнім берушінің дұрыс емес ақпарат беру фактісін анықтау;

осы Қағидалардың 91 – 93-тармақтарында көзделген талаптарға мәліметтер мен құжаттардың сәйкес келмеуі.

Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесін растайтын мәліметтер мен құжаттар "Расталды" мәртебесі бар электрондық депозитарийге мынадай:

1) осы Қағидалардың 96-тармағының 1) тармақшасында көзделген шешімді қабылдау;

2) уәкілетті органның ведомствосы және оның аумақтық бөлімшелері 2021 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі мерзімде электрондық депозитарийде қамтылған әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесін растайтын мәліметтер мен құжаттарды верификациялау (тексеру) жағдайларында енгізіледі.

Сонымен қатар, қағиданың 274 тармағына сәйкес, құрылыс саласындағы жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесін растайтын, "Расталды" мәртебесі

бар электрондық депозитарийдегі мәліметтер мен құжаттар Заңның 47-бабының тәртібімен шағымдануға жатпайды.

Конкурстық құжаттаманың 2-қосымшасына сәйкес әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімде және оған қоса берілетін құжаттарда мұндай дұрыс емес мәліметтерді бергені үшін өзіне толық жауапкершілікті қабылдайды.

Конкурстық құжаттаманы камералдық бақылаумен зерделеу барысында конкурстың атауы - Тұрғын емес ғимараттарды / құрылыстарды салу бойынша жұмыстар; құрылыс түрі – жаңа құрылыс; жауапкершілік деңгейі – **екінші – қалыпты**, объектінің техникалық күрделілігі – **күрделі**; функционалдық мақсаты – **тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілер** екені анықталды.

Әлеуетті өнім беруші «Сапак» ӨК конкурстық өтінімін зерделеп, жоғарыда аталған заңнама талаптарын ескере отырып, мыналар анықталды.

Қағидалардың конкурстық құжаттамаға 9-қосымшаның 5-тармағына сәйкес әлеуетті өнім берушілер ағымдағы жылдың алдындағы соңғы он жыл ішінде конкурста сатып алынатындарға ұқсас (ұқсас) көрсетілген қызметтер тәжірибесінің болуы туралы мәліметтерді толтырады.

Конкурстық комиссия «Сапак» ӨК әлеуетті өнім берушіге заңды түрде жеңілдік бермеді, өйткені осы әлеуетті өнім беруші біліктілік туралы мәліметтерде (КҚ-ға 9-қосымша) 5-тармақта ағымдағы жылдың алдындағы соңғы он жыл ішінде орындалған жұмыстардың тәжірибесінің болуы туралы, конкурста сатып алынатындарға ұқсас (ұқсас) мәліметтер мәлімдендеген, толтырмаған және растайтын құжаттар ұсынылмаған.

Осылайша, Сіздің өтінішіңізде көрсетілген дәлелдер өз растауын таппады және Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының іс-әрекеттерінде Қазақстан Республикасы заңнамасының іс-әрекеттерінің бұзылуы байқалмайды.

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексінің (бұдан әрі-Кодекс) 73-бабының 3-тармағына сәйкес, әкімшілік рәсімге қатысушы әкімшілік іс бойынша алдын ала шешімге қарсылықты алған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде оны беруге немесе білдіруге құқылы.

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, Департамент белгіленген мерзімде ақпараттық жүйелер арқылы әкімшілік іс бойынша алдын ала шешім жіберді.

19.09.2022 жылғы жағдай бойынша Сіз әкімшілік іс бойынша алдын ала шешімге ұстанымды білдірмегенсіз.

Заңның 47-бабының 6-тармағына сәйкес қабылданған уәкілетті органның шешімімен келіспеген жағдайда, Сіз Кодекстің 91-бабына сәйкес жоғары тұрған органға не сотқа шағымдануға құқылысыз .

Бұл ретте, Заңның 47-бабының 9-тармағына сәйкес дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Басшының орынбасары **А.Байкуанышов**

Орынд.: Турсын Н.Т
Тел: 32-17-06

Согласовано
19.09.2022 18:51 Әділбай А.А.
Подписано
19.09.2022 19:03 Байкуанышов А.А.

Тип документа	Исходящий документ
Номер и дата документа	№ ДВГА-1-05/4129-И от 19.09.2022 г.
Организация/отправитель	ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО ГОРОДУ НУР-СУЛТАН
Получатель (-и)	ДРУГИЕ
	НЕТ
Электронные цифровые подписи документа	Физическое лицо Подписано: Руководитель отдела ӘДІЛБАЙ АБДУРАШИТ MIITSQYJ...NB+F7DF4H Время подписи: 19.09.2022 18:51
	Физическое лицо Подписано: Заместитель руководителя БАЙКУАНЫШОВ АСЕТ MIITggYJ...jbYhlt3pB Время подписи: 19.09.2022 19:03
	Республиканское государственное учреждение "Департамент внутреннего государственного аудита по городу Нур-Султану Комитета внутреннего государственного аудита Министерства финансов Республики Казахстан" Подписано: Главный специалист КУЛМУРАТОВА ДИНАРА MIIXjgYJ...FvbH0Gg== Время подписи: 19.09.2022 19:07

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.